

ҚАЗАҚ КЕСКІНДЕМЕСІНІҢ МӘДЕНИ-ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАУЛАРЫНЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АРНАЛАРЫ

¹Сырғабаев С.Б., ²Құсайынов Д.Ө., Темірова Г.С.

^{1,2,3} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)
¹picasso_91@mail.ru, ²daur958@mail.ru, ³gumaheaven@gmail.com

¹Syrgabaev S. B., ²Qusaiynov D., Temirova G.

^{1,2,3} Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)
¹picasso_91@mail.ru, ²daur958@mail.ru, ³gumaheaven@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада қазақ бейнелеу өнеріндегі көркем репрезентацияның философиялық табиғаты, оның онтологиялық, семиотикалық және герменевтикалық құрылымы жан-жақты талданып, оны танып білудің әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Өнер туындысы ұлттың дүниетанымын, тарихи жадын және мәдени архетиптерін бейнелейтін визуалды мәтін екендігі айқындалады. Зерттеуде Молдахмет Кенбаев, Салихитдин Айтбаев, Бексейіт Түлкіев, Ерболат Төлепбаев, Бахыт Бәпишев сынды суретшілер шығармашылығы арқылы қазақ кескіндемесіндегі кеңістік пен уақыт онтологиясы, архетиптік бейнелер, символдық кодтар және ұлттық болмыстың көркем көріністері сараланады, олардың ішкі мәнін ашып көрсету әдістері айқындалады. Сонымен қатар, мақалада кескіндеме тілінің дәстүр мен модерн арасындағы байланыс құралы ретіндегі рөлі де қарастырылады. Ә. Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің кескіндеме қорындағы туындылар негізінде жүргізілген талдау өнерді ұлттың рухани тәжірибесі мен дүниетанымының философиялық формасы ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Бейнелеу өнері туындыларын талдау барысында феноменологиялық, семиотикалық, герменевтикалық және компаративистік әдістер қолданылды. Соның арқасында қазақ көркем санасының эволюциясы мен заманауи көркем ойлау жүйесінің ерекшеліктері анықталады. Зерттеу нәтижесі ретінде бейнелеу өнерінің философиялық дискурс қалыптастырудағы әлеуеті мен оның ұжымдық жадыны визуалды түрде жаңғырту қабілеті дәлелденеді. Бұл зерттеу қазақ бейнелеу өнерінің терең танымдық, онтологиялық және мәдени-мағыналық құрылымының гносеологиялық астарларын ашуға бағытталған.

Түйін сөздер: қазақ бейнелеу өнері, философия, онтология, гносеология, архетип, семиотика, ұлттық жады, кеңістік пен уақыт, символизм.

Кіріспе

Ұлттың рухани болмысын жан-жақты түсіну үшін тарихи деректер мен жазба мұралардан бөлек, бейнелеу өнеріне де назар аудару қажет. Өйткені бейнелеу өнері ұжымдық жадының көзге көрінетін бейнесі. Ал сапалы өнер туындысы – сана мен сезімнің тоғысуынан туындайтын ұлттық кодтың көркем көрінісі. Қазақ суретшілерінің шығармаларынан біз халықтың дүниетанымын, тарихи естеліктерін, мифтік ойлауын, дүние болмысын танып білу әдістерін

* Автор-корреспондент - Сырғабаев С.Б., picasso_91@mail.ru

және архаикалық танымын да көре аламыз. Сондықтан бейнелеу өнерін зерттеу ұлттың терең ойлау жүйесін түсінудің маңызды жолы.

Тіл мамандары ұлттық танымды тіл арқылы зерттесе, философтар мен өнер зерттеушілері оны көркем бейнелер арқылы тануға тырысады. Себебі сапалы өнердегі бейнелер, түстер мен белгілер – ұжымдық жады мен дүниені тану тәсілінің эстетикалық нышандары болып табылады. Кескіндеме бізге сөзбен жеткізу мүмкін емес, бірақ сана астарында сақталған рухани қабаттарға жол ашады. Осы тұрғыдан алғанда, бейнені мәдени-онтологиялық болмыстың философиялық көрінісі деп атауға болады.

Қазақ бейнелеу өнеріндегі түстер мен формалар олардың көркемдік шешімін айтпағанда, ерекше мағынаға толы семиотикалық құрылым ретінде маңызды рөл атқарады. Түстік үйлесім мен кеңістікті құру тәсілдері халықтың тарихи жадымен, мифке негізделген ойлауымен және дүниені сезіну ерекшелігімен тығыз байланысты. Кескіндеме арқылы өткен мен бүгін, дәстүр мен жаңалық, тарихи шындық пен символдық бейнелер арасындағы байланысты көре аламыз. Сондықтан да қазақ бейнелеу өнерін ұлттық болмысты, ойлау жүйесін және рухани бағдарларды жеткізетін күрделі философиялық мәтін ретінде қарастыруға болады. Бұл мәтінді қазіргі заманғы философиялық әдістер арқылы оқи алсақ, ұлттық өнердің терең мәнін түсінудің тиімді жолын ашатын едік.

Сол себепті бұл мақалада біз бейнелеу өнерінің философиялық мәнін ашуға, оның онтологиялық, танымдық және мәдени-семиотикалық негіздерін зерделеуге талпынамыз. Сонымен қатар, көркем образдарды ұлттық дүниетаным мен тарихи-мәдени жадының көрінісі ретінде қарастырамыз.

Зерттеудің шенберін нақтылау үшін мақалада бейнелеу өнерінің кескіндеме саласына баса назар аударылып, бірнеше танымал қазақ суретшісінің шығармашылығын талдаймыз. Бұл авторлардың жұмыстары қазақ кескіндемесінің даму кезеңдерін, стильдік өзгерістерін және ұлттық көркем ойлаудың трансформациясын айқын көрсетеді. Осы арқылы біз бейнелеу өнеріндегі архаикалық бастаулардан қазіргі заманға дейінгі негізгі бағыттарды жүйелі түрде қарастырамыз.

Тақырыпты зерттеу барысында Қазақстандағы бейнелеу өнері бойынша ең ірі мәдени мекеме – Ә.Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің қорында сақталған суреттерді негізге аламыз. Еліміздегі көркем туындылардың ең үлкен қорын жинақтаған бұл музей ұлттық мәдени мұраны ғылыми тұрғыда зерделеуге арналған маңызды платформа саналады. 2025 жылғы 1 қаңтардағы деректер бойынша музейдің «Қазақстан бейнелеу өнері» қорында 13 833 бірлік кескіндеме туындылары сақталған екен және бұл коллекция үнемі жаңа жұмыстармен толығып отырады. Сол себепті осы қордағы материалдарды зерттеу – қазақтың көркем ойлау жүйесінің қалыптасуы мен даму бағытын түсінуге, сондай-ақ қазіргі заманғы ұлттық көркем дискурстың ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде бейнелеу өнерін философиялық тұрғыдан интерпретациялауға бағытталған феноменологиялық, герменевтикалық және семиотикалық тәсілдер таңдалынып алынды. Аталған бағыттар көркем

репрезентацияны мәдени, онтологиялық және танымдық форма ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Феноменология өнер туындысын қабылдаудың тікелей тәжірибесіне, визуалды бейненің сана мен сезімге әсер етуіне назар аударады. Осы тұрғыдан алғанда бейнелеу өнеріндегі түстер, формалар мен кеңістік тек сыртқы эстетикалық сипат ретінде ғана емес, субъективті болмыстың көрінісі ретінде қарастырылады.

Герменевтикалық тәсіл бейнелеу өнерін мәтін ретінде қабылдап, оның мағынасы мен мазмұнын мәдени-тарихи контекст арқылы түсіндіруге бағытталады. Осы әдіс арқылы әрбір картина ұлттық жады мен тарихи сананың көркем көрінісі ретінде зерделенеді. Бұл тәсіл әсіресе Ганс-Георг Гадамердің герменевтикалық философиясына сүйенеді, онда өнер туындысы түсіндірілуі тиіс мәтін ретінде қарастырылады.

Семиотикалық әдіс суреттегі бейнелер мен элементтерді таңбалық құрылым ретінде талдауға негізделеді. Мұндағы мақсат – көркем мәтіндегі символдардың архетиптік мазмұнын, мифологиялық негізін және мәдени кодтарын ашып көрсету. Бұл әдіс әсіресе А.Ф.Лосевтің символ философиясы және Юнгтің архетиптік психологиясы аясында дамытылады.

Зерттеу барысында компаративистік тәсіл де қолданылды: түрлі авторлардың шығармашылығындағы тақырыптық, стилистикалық және мағыналық ұқсастықтар мен ерекшеліктер салыстырмалы түрде сараланды. Бұл тәсіл қазақ бейнелеу өнеріндегі онтологиялық құрылымдардың сабақтастығы мен трансформациясын ашуға бағытталған. Сондай-ақ, зерттеудің дереккөз базасы ретінде Ә.Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің кескіндеме қоры пайдаланылды. Онда сақталған туындылар нақты визуалды талдау объектісі ретінде алынып, көркем тіл мен философиялық рефлексия тұрғысынан жүйелі талданды.

Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы зерттеудің мақсатына – қазақ бейнелеу өнерінің көркем онтологиясын, мәдени семиотикасы мен философиялық дискурсын ашуға, оның ішкі болмысын түсінудің әдіс-тәсілдері қазіргі философиялық талдаулар жасауға толық мүмкіндік берді деп есептейміз.

Бейнелеу өнерінің философиялық интерпретациясы

Адам жарық дүниеге келген алғашқы сәттен бастап, айналасын алдымен көру арқылы, визуалды танып-біле бастайды. Сезім мүшелерінің ішінде таным үдерісінің бастауында дәл осы көру түйсігі тұрады. Бұл құбылыс эстетика мен таным теориясында кеңінен қарастырылып келеді. Кейде адам бейненің нақты мағынасын түсінбесе де, оған эмоциялық тұрғыда жауап береді. Бұл көзбен көрудің тікелей, тілге тәуелсіз әсер ету қабілетін көрсетеді.

Өнер теориясында визуалды мәдениетке ерекше үлес қосқан Джон Бергер өзінің «Көру тәсілдері» (Ways of Seeing) атты еңбегінде: «Көру – сөйлеуден бұрын жүреді. Біз әлемді сөздермен түсіндіреміз, бірақ бұл сөздер бізді қоршаған шынайы әлемнің алдында дәрменсіз. Кез келген бейне – көру тәсілінің көрінісі», – деп бейнелердің танымдағы маңызын айқындап көрсетеді [1, 6–7 б.].

Бейнелеу өнері – таңбалар жүйесі ретінде әрекет етеді. Онда әрбір бейне, түспен форма белгілі бір мағынаны білдіретін символдық құрылымға айналады. Осы

тұрғыдан алғанда, сурет те тіл секілді өзіндік құрылымға ие: ол семиотикалық кеңістік қалыптастырады.

«Өнерді түсіну – бұл пішінді жай ғана тану емес, қабылдауды шығармашылық ойға айналдыру. Картина – бұл дүниеге ашылған терезе емес, сананың айнасы» [2, 12 б.]. Бұл пікір өнерді тек сыртқы эстетикалық нысан ретінде емес, терең онтологиялық мазмұнға ие мәтін ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Яғни, суретті түсіну – оны оқу, бейне арқылы берілген мағыналарды қабылдап, онымен жұмыс істеу деген сөз. Француз философы Мишель Фуко «Сөздер мен заттар» атты еңбегінде дискурсты сипаттай келе: «Мәдениеттің бөлінбейді деп есептелген барлық құрылымдары мен үдерістері түбінде бөлшектеніп, дискурсивтік практикалар аясында қайта орнығады» – дейді [3, 26 б.]. Бұл қағида көркем өнерге де қатысты. Демек, сурет тек көркем туынды ғана емес, белгілі бір тарихи, әлеуметтік және мәдени дискурстың көрінісі болып табылады.

Қазақ суретшілері өз шығармаларында тарихты бейнелеу арқылы оны қайта түсіндіріп, өзінше интерпретация жасап, жаңа мағыналық өріс қалыптастырады. Осылайша бейнелеу өнері визуалды нарратив ретінде ұжымдық жады мен рухани тәжірибені қайта жаңғыртады.

Ганс-Георг Гадамер өзінің «Шындық және әдіс» атты еңбегінде герменевтиканы мәтінді түсінудің жалпы философиялық тәсілі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, кез келген өнер туындысы тарихи және мәдени контексте қарастырылуы тиіс. «Кез келген өнер туындысы – әдеби болсын, бейнелеу немесе музыкалық болсын – түсінуге тиісті мәтін ретінде қаралуы керек. Сондықтан герменевтикалық көзқарас барша өнер түріне таралуы тиіс» – деп жазады Гадамер [4, 215 б.].

Осы тұрғыдан алғанда, кескіндеме де мағыналық құрылым ретінде мәтін іспетті түсіндіруді қажет етеді. Оның формасы, кеңістігі, түстері мен композициялық құрылымын тек эстетикалық емес, герменевтикалық және семиотикалық тұрғыдан да талдау маңызды. Бұл тәсіл суретті ұлттың дүниетанымын бейнелейтін ерекше когнитивтік форма ретінде түсінуге жол ашады. Егер бейнелеу өнерін символдар жүйесі ретінде қарастырсақ, философ Алексей Лосевтің көзқарастары назар аударарлық. Ол өзінің «Миф диалектикасы» еңбегінде символды уақыттан тыс, онтологиялық мағынасы бар құбылыс ретінде сипаттап: «Символ – өзі нені білдірсе, соның өзі болып табылады» – дейді [5, 204 б.].

Демек, бейнелеу өнерін жай эстетикалық нысан ретінде ғана емес, ойлау мен мағынаны жеткізудің ерекше философиялық формасы ретінде қарастыру қажет. Қазақ суретшілерінің шығармалары арқылы біз ұлттық философияны, тарихи естеліктер мен мәдени болмысты көркемдік тілде тануға мүмкіндік аламыз.

Қазақ сурет өнеріндегі философиялық кодтар

Неміс философы Фридрих Шеллингтің пікірінше, өнер – сұлулықты бейнелеу ғана емес, еркіндік пен қажеттіліктің бірлігі арқылы болмыстың терең диалектикасын көркем түрде паш ететін феномен. Оның «Өнер – еркіндік пен қажеттіліктің абсолютті синтезі» деген тұжырымын қазақ кескіндемесінің табиғатына да қолдануға болады [6, 43 б.]. Қазақ бейнелеу өнерінде дәстүр мен

шығармашылық еркіндіктің өзара байланысы ұлттық болмыстың көркемдік поэтикасын туындатады.

Осы мақалада біз бес көрнекті қазақстандық суретшілердің, атап айтсақ: Молдахмет Кенбаев, Салихитдин Айтбаев, Бексейіт Түлкиев, Ерболат Төлепбаев, Бахыт Бәпішев шығармашылығы негізінде кескіндемедегі философиялық құрылымдарды саралаймыз. Тап осы суретшілердің таңдалынып алынуы да бекер емес, себебі бұл суретшілер ұлттық сана мен онтологияны көркем тілде жеткізудегі терең ізденістерімен көзге түскен кескіндемешілер. Сонымен қатар бұл суретшілердің шығармашылығы қазақстандық кескіндеме өнерінің дамуын хронологиялық және стильдік тұрғыдан жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. XX ғасыр ортасындағы академиялық реализмнен бастап, 1960–80-жылдардағы символистік және метафизикалық бағыттарға, одан кейінгі тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық болмысты қайта пайымдауға дейінгі үдеріс – осы суретшілердің туындылары арқылы көрініс табады. Олар посткеңестік кезеңдегі көркем сана мен авторлық стиль трансформациясын бейнелеуде де елеулі рөл атқарды.

Бұл стильдік-эстетикалық өзгерістер ұлттық дүниетаным мен тарихи жадымен тығыз байланыста дамыды. Аталған суретшілердің жұмыстары көркем тіл арқылы ұлттық болмысты бейнелеу формаларының қалай өзгергенін, және қазіргі көркем процестегі олардың ықпалын анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл туындылардың көпшілігі бүгінгі таңда Ө.Қастеев атындағы ҚР Ұлттық өнер музейінің қорында сақталған. Аталған қор – Қазақстан кескіндемесінің тарихи эволюциясын жүйелі түрде құжаттауға мүмкіндік беретін маңызды мәдени репозиторий. Бұл авторлар түрлі кезеңдерде өмір сүрсе де, дәстүрлі кескіндеме тілі арқылы заманауи көркемдік мәселелерді терең пайымдаған тұлғалар қатарында. Олар классикалық техникаларды қолданып, кескіндемеді философиялық және онтологиялық мазмұндарды жанаша тұрғыда ұсынды.

Осы бағыттағы стильдік және дүниетанымдық ерекшеліктерді тереңірек түсіну мақсатында біз жеті көрнекті суретшінің шығармашылығына жекелей тоқталамыз.

Сөз басын Молдахмет Кенбаевтың шығармашылығынан бастауды жөн көрдік. Оның жұмыстары көшпелі мәдениеттің кеңістікпен байланысын көркем тәсілдермен жүйелеп бейнелейді. Суретші қазақтың рухани әлемін заманауи кескіндеме тілімен өрнектеуге ұмтылып, ұлттық бағыт қалыптастыруға ден қойды. Оның «мен дала дертімен ауырғанмын» деген сөзі туған топырақпен рухани байланысын, табиғи кеңістікті этномәдени шабыт көзі ретінде қабылдауын білдіреді. Кенбаев көбіне пейзажды суреттің басты кілті ретінде қолданып отырды. Ол пейзаж арқылы қазақы кеңістікті және қазақтың кеңістікті қабылдау ерекшеліктерін де бейнелейді. Соның арқасында даланың кеңістіктегі кеңдігін онтологиялық деңгейде пайымдап, ұлттық жад пен уақыт құрылымдарын сурет тілімен жеткізе алды.

Қазақ философиясында кеңістік ұғымы тек физикалық кеңістік емес, сонымен қатар «жерұйық», «ата-қоныс», «киелі мекен» сияқты ұғымдармен тығыз байланысты рухани-мәдени өлшем ретінде айтылады. Молдахмет Кенбаев сондықтан болар, картиналарындағы кеңістік ұғымын қазақ халқының «Жерұйық» идеясымен астасқан поэтикалық образға айналдырғысы келеді. Оның туындыларындағы табиғат бейнесін декорация ретінде қарастыру қиын.

Себебі бұл суреттерде табиғат этностың арманы мен онтологиялық болмысын білдіретін көркем-символикалық кеңістікке ұласады. Мысалы, «Шопан әуені» картинасында адам мен табиғаттың үндестігі, олардың арасындағы терең рухани байланыс шынайы бейнеленеді. Өнертанушы Райхан Ерғалиева бұл шығарма жайлы: «Кенбаевтың шопаны үшін дала – сүйіспеншілік пен туған топырақтың бейнесі болса, суретшінің өзі үшін – ол мәңгілік рух пен өмірдің белгісі. Күнделікті тақырып күрделі интерпретация арқылы философиялық мағынаға ие болып, кәдімгі өмір сәттері болмыстың тылсым міндеттерімен және киелі мазмұнымен байланысады. Суретші кеңістік, уақыт және адам секілді болмыстың үш іргелі категориясын шопан мен дала бейнесі арқылы біріктіріп, оларды көркем символға айналдырады», – деп жазды [7, 51 б.].

Келесі ойды ұлттық образдар мен символиканы архетиптік деңгейде көркемдеп жеткізуге ұмтылған Салихитдин Айтбаевтан бастасақ. Оның композицияларында адам негізгі мағыналық тірек ретінде алдыңғы планға шығып, кеңістік сол бейне төңірегінде құрылады. Бұл дегеніміз монументализм мектебінің ықпалын танытатын тәсіл. Айтбаевтың кейіпкерлері көбінесе нақты тарихи дәуірге жатпайтын, уақыттан тыс әлемнің өкілдеріндей көрінеді. Ол киім, ою-өрнек және фондық элементтер арқылы қазақтың дәстүрлі эстетикасын мәңгілік көркемдік жүйеге айналдыра білді.

Оның «Жылқышылар» триптихы – қазақ халқының рухани дүниетанымы мен тарихи жадының көркем репрезентациясы. Суретшінің жылқы тақырыбына назар аударуы да тегін емес. Бүгінде жылқы қазақ мәдениетінің этноантропологиялық өзегі, еркіндіктің символы болып үлгерді. Бұл жануар – көлік, ас, сусын ғана емес, музыка мен поэзияның да архетиптік қайнары. Арғымақ, тұлпар, дүлдүл және пырақ бейнелері қазақтың рухани ұғымында еркіндік пен кеңістікті меңзейтін символдарға айналған. Осы орайда Айтбаев үшін жылқы – қазақтың кеңістіктегі қозғалысын, өмірлік философиясын білдіретін көркем метафора.

Картинадағы жылқылардың бір бағытта, бірақ түрлі ырғақпен қозғалуы уақыттың символдық бейнесі іспетті. Бұл көркем құрылымда өткен, қазіргі және болашақ мезеттер бір кеңістікке тоғысады. Жылқышының өзі – осы уақыт ағынын бағыттаушы символ. Ол – дәстүр мен қозғалыстың, мәдениет пен кеңістіктің тоғысқан жеріндегі рухани кейіпкер. Картинадағы жылқы – тақырып емес, ұлттың болмысын білдіретін архетиптік кілт.

Бұл триптих – суретшінің ұлттың тарихи жады мен мәдениетінің шежіресін көрсетуге деген ұмтылысы. Картинадағы жылқылар – қазақтың көшпелі болмысының көлеңкесі. Айтбаев осы образ арқылы суретшінің ұлттық мұрагер ретіндегі міндетін көтереді. Ол жылқыны ескі дәуірдің үні ретінде көрсетеді.

XX ғасыр басындағы тарихи деректерге сүйенсек, қазақ даласында шамамен жиырма миллионға жуық жылқы болған. Жекелеген әулеттер ондаған мың жылқы ұстаған. Кеңестік кезеңдегі ұжымдастыру мен зор реформалар бұл өркениетті жүйеге күйрету әкеліп, жылқы шаруашылығы ауыр шығынға ұшырады. Айтбаевтың бұл картинасы – сол үнсіз зұлматтың көркем куәсі, жойылған кеңістіктің визуалды хроникасы ретінде көрініс табады. Дәуір шындығы көрініс тапқан «Жылқышы» триптихының мазмұндық тереңдігі мен көркемдік құрылымы қалай болғанда да бір ғана интерпретациямен шектелмейді. Дегенмен

де жылқы бейнесі бұл жерде тарихи оқиғаны немесе ұлттың жадын бейнелеуден гөрі, адам мен кеңістік арасындағы этикалық жауапкершілікті меңзейді.

Келесі кезекте Бексейіт Тұлкиевтің шығармашылығына тоқталайық. Бұл суретшінің ерекшелігі форма мен мазмұн арасындағы нәзік тепе-теңдікті философиялық деңгейде суреттеуге деген ұмтылыс. Мартин Хайдеггер көркем өнер туралы былай дейді: «Туынды – бұл таныс болмыстың ар жағындағы өзге бір мәннің ашылуы. Көркем шығарма – сыртқы форма мен ішкі мазмұн арасындағы бірлікте өмір сүретін символ. Ол – тек заттың ғана емес, сонымен бірге тылсымның көрінісі» [8, 87 б.]. Бұл тұжырым Тұлкиевтің еңбектеріне толықтай тән. Оның шығармаларында заттық әлем мен рухани мазмұн қатар өмір сүріп, көрерменді ойлауға, сезінуге және болмысты қайта пайымдауға жетелейді.

Бексейіт Тұлкиевтің туындыларында да көрінетін және көрінбейтін болмыстың біртұтастығы айқын байқалады. Бір қарағанда оның картиналары күнделікті өмірден алынған қарапайым көріністер секілді. Онда әйел бейнесі, сәби, гүл, аспан, күн, құдық және тағы да басқалар. Алайда бұл элементтердің әрқайсысы сыртқы форма ғана емес, ішкі мағыналық өріспен қапталған. Онда бейнеленген зат пен символдық тереңдік қатар өмір сүреді. Бұл – ұлттық архетиптердің, мәдени жадының және бейсаналық түйсіктің көркем көрінісі.

Суретшінің бейнелеу тілі қазақ дүниетанымымен тікелей үндес. Әсіресе, «Бабалар мекені» және «Суретшінің түсі» атты туындыларындағы күңгірт сары және қоңыр реңктер – тек эстетикалық шешім емес, символдық мәнге ие түстік палитра. Қазақ ұғымында қоңыр түс көненің үні, ескінің сарыны мен домбыра үні, терең тебіреніс пен философиялық меланхолиямен сабақтас. «Назқоңыр», «Алқоңыр», «Қоңыр күй» секілді терминдер қазақ поэтикасындағы терең эмоционалдық күйді білдіреді. Тұлкиевтің осы түстік шешімі де сол қатардан табылады – оның қоңыр картиналары көркемдік ойдың үнсіз поэзиясына айналады. Бұл түстер – сезімнің, ішкі толғаныстың, ұлттық психоэстетикалық кеңістіктің бояулы айғағы.

Тұлкиевтің замандасы әрі туысы Ерболат Төлепбаевтың шығармашылығы ұлттық жад пен көркем бейненің терең синтезін білдіретін құбылыс. Суретші кеңістік пен уақытты онтологиялық және экзистенциалдық категориялар ретінде пайымдайды. Оның туындыларында тарихи дерекке жүгінуден гөрі, ұжымдық бейсанада сақталған архаикалық кодтар мен символдық естеліктер көрініс табады.

К.Г.Юнг өзінің «Адам және оның таңбалары» атты еңбегінде былай дейді: «Мен үшін басты тұжырым – бұл психологиялық факт: суретші өз заманының рухын бейнелейтін тұлға. Оның шығармашылығын тек жеке психологиямен шектеу жеткіліксіз. Ол саналы немесе бейсаналы түрде өз дәуірінің құндылықтарына көркем пішін береді. Бұл құндылықтар, өз кезегінде, оның өзін де қалыптастырады» [9, 286-б.]. Осы тұрғыдан қарасақ, Төлепбаевтың «Көкпар» картинасы – дәуірлік архетиптер мен ұжымдық бейсаналықтың көркем көрінісі.

Аталмыш туындыда суретші ұлттық ойынды кеңістік пен бірегейлік үшін күрестің символы ретінде бейнелейді. Композициялық құрылымдағы қозғалыс бағыты, кейіпкерлердің динамикасы, жарық пен көлеңке қатынасы көркем шиеленісті, драматизмді айқын жеткізеді. Аттар мен шабандоздар арасындағы қимылдар нақты әрі пластикалық дәлдікпен берілген. Бұл жерде

мифологиялық астардан гөрі, өмірлік шындық пен дәстүрлі мәдениеттің визуалды репрезентациясы басым.

Картинаны талдай отырып, Төлепбаевтың дәстүрлі тақырыпты реалистік әдіспен жеткізгенін көреміз. Алайда бұл реализм – тек формалық деңгейде ғана емес, мағыналық және рухани пласттарда да көрініс табады. Мұнда символдық интерпретация көркем-пластикалық шешіммен табиғи үйлесім тапқан.

Өнертанушылар оның шығармашылығы жайында былай деп жазады: «Оны жай ғана философ деп атау жеткіліксіз. Оның бүкіл кескіндемесі – болмыс пен өмір мәні туралы терең рефлексияға құрылған. Ол – алабұртқан күй мен сабырдың, өткір пікір мен байсалды ойдың арасындағы нәзік тепе-теңдікті сақтай білетін тұлға. Әрдайым қозғалыста, үздіксіз ізденісте жүретін бұл суретші ешқашан өзіне толық разы болмайды. Оның кескіндемесі эстетикалық экстаз бен рухани медитацияның арасында жүріп, өмірдің ішкі үйлесімі мен қайшылығынан мәңгілік мағына іздейтін көркем жол» [10, 6-б.].

Соңғы ойды Қазақстан бейнелеу өнерін жаңа бағытқа бұрған суретшілердің бірі Бахыт Бәпишевпен аяқтаймыз. Ол бейнелеу өнерінің тілін субъективті таным мен философиялық пайымның кеңістігіне жеткізген суреткер. Оның шығармашылығы қазақ болмысын тек сыртқы көріністермен шектелмей, терең рухани қабаттар мен дүниетанымдық өлшемдер арқылы бейнелейді. Суретші кескіндемені көркем формадан гөрі, ой мен рухты жеткізудің метафизикалық құралы ретінде қолданады. Ол түстер мен символдар арқылы үнсіз философияны, қазақ әлемінің ішкі мәнін ашып көрсетеді.

Мишель Мерло-Понти былай дейді: «Егер философиядан немесе әдебиеттен нақты көзқарас пен жауапкершілік талап етілсе, кескіндеме ондай міндеттен босатылған. Ол – дүниеге тек қарауға, оны қабылдауға құқылы. Сондықтан да бейнелеу өнері үшін таным мен әрекет шарттары міндетті емес. Суретші – әлемді қабылдау мен оны түсіндіруде толық ерікке ие, тәуелсіз тұлға» [11, 596-б.].

Бәпишевтің туындылары осы еркіндіктің айқын көрінісі іспетті. Онда жиі кездесетін образдар – қой, балбал, мифтік әйел бейнесі, құс денесіне айналған қаңқа – адамның филогенетикалық жадындағы терең архетиптермен тікелей байланысты. Бұл бейнелер көрерменге мифтік сана мен заманауи көркем ойлау арасындағы символдық көпір ретінде әсер етеді. Олар – тарихи жады мен мәдени түпсананың көркем кодтары.

«Төрт пайғамбар» секілді туындыларында суретші бейнені білім мен танымды қалыптастырушы құрал ретінде қолданады. Мұнда миф тек иллюстративті нысан емес, мәдени жады мен философиялық сұрақтардың бастауы ретінде ұсынылады. Бұл тәсіл Бәпишевтің өнерін тек эстетикалық деңгейде ғана емес, танымдық-философиялық контексте де маңызды етеді.

Сонымен қатар, ол көне дәуірлердің сакралды белгілері мен культтік символдарын қазіргі көркем санада жаңғырта отырып, оларды көркем тілге көшіреді. Архаикалық образдар мен қазақ дүниетанымына тән кодтар – суретшінің кескіндемесінде символдық абстракция түрінде қайта тіріледі. Осылайша, Бәпишевтің шығармашылығы ұлттық руханияттың көркем-пластикалық репрезентациясына айналып, бейнелеу өнерін философиялық ойлаудың кеңістігіне шығарады.

Қорытынды

Әлемді бейнелі қабылдау мен рухани танымның маңызды тетігі ретінде кескіндеме өнері тек эстетикалық ләззат сыйлау құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттың тарихи жадын, дүниетанымдық құрылымдарын және рухани болмысын бейнелейтін терең мәдени феномен болып табылады. Қазақ кескіндемесі – ұлттық архетиптер мен символиканың, кеңістік пен уақытты ұғынудың, дәстүр мен жаңашылдықтың көркем синтезі бола алады.

Осы ғылыми зерттеуде Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихи қалыптасу үдерісі, стильдік бағыттардың ауысуы және ұлттық көркем ойлау жүйесінің эволюциясы жекелеген көрнекті суретшілердің шығармашылығы арқылы талданып, олардың философиялық және мәдени-рухани маңызы ашып көрсетуге тырыстық. Зерттеу барысында қазақ суретшілері өз туындыларында қазақы кеңістік пен уақытты, мифологиялық құрылымдар мен ұжымдық архетиптерді, сондай-ақ дәстүр мен модерн арасындағы көркем диалектиканы терең эстетикалық тілмен жеткізетіні анықталды. Бұл туындылар болмысты ұғынудың және ұлттық сананы көркем бейнелеудің балама, әрі айрықша тәсілі ретінде танылуы тиіс.

Осыған орай, кескіндеме өнері – танымдық қуатқа ие философиялық тәжірибе алаңы екені белгілі болды. Суретші тек өзінің ішкі күйін ғана емес, қоғамның тереңдегі үмітін, үрейін, идеалын және рухани бағдарын бейнелейді. Сондықтан қазақ бейнелеу өнерінің көркем онтологиясын зерттеу – ұлттың болмыстық құрылымын, тарихи жадысын және мәдени-психологиялық бейнесін танудың айрықша мүмкіндігі болып табылады.

Қазақ кескіндемесінің XX ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі даму жолы – ұлттық сана мен философиялық ойлау жүйесінің де тарихи-хронологиялық хроникасы. Кеңестік кезеңдегі реализм дәстүрінен бастап, тәуелсіздік тұсындағы символизм мен метафизикалық ізденістерге дейінгі стильдер ұлттың рухани эволюциясын паш етеді.

Бүгінгі жаһандық мәдени кеңістікте қазақ кескіндемесінің өзіндік поэтикасы мен терең философиялық мазмұны бар екендігін көрсету – тек өнертану міндеті ғана емес, бұл – ұлттық мәдениеттің рухани-саяси болмысын айқындайтын өзекті ғылыми міндет. Бұл зерттеу қазақ бейнелеу өнерінің философиялық әлеуетін онтологиялық, семиотикалық және герменевтикалық аспектілер арқылы саралау арқылы оның гносеологиялық әдіс-тәсілдерін жаһандық көркем дискурсқа енгізуге бағытталған.

Осы тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу қазақ кескіндемесін философиялық аспектілерде зерделеуге бағытталған тың қадамдардың бірі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мақалада кескіндеме туындысы мәдени семиозис пен дүниетанымдық құрылымдардың көркем мәтіні ретінде талданады. Өз кезегінде бұл талдаулар бейнелеу өнерін ұлт болмысы мен тарихи жадының көрінісі ретінде зерделеуге жол ашады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, бұл бастама отандық философтардың болашақ зерттеулерінде – қазақстандық өнерді философиялық-герменевтикалық және мәдениеттанулық тұрғыдан кешенді зерттеуге серпін берер деп үміттенеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Джон Бергер. Искусство видеть. Санкт-Петербург: «Клаудберри», 2018. – 184 с.
- 2 Даниэль С. М. Искусство видеть: О творческих способностях восприятия, о языке линий и красок и о воспитании зрителя. - Л.: Искусство, 1990.–223 с
- 3 Мишель Фуко. Словаи вещи. Археология гуманитарных наук. М: «Прогресс», 1977. – 405 с.
- 4 Истина и метод: Основы филос. герменевтики. - М.: Прогресс, 1988. - 704 с.
- 5 Лосев А. Ф. Диалектика мифа. М.: Мысль, 2001.– 558 с.
- 6 Шеллинг Ф.В. Философия искусства. М.: РИПОЛ классик, 2020. - 524 с.
- 7 100 шедевров искусства Казахстана. Живопись. Скульптура. Графика. – Алматы: ИД «Жибек жолы», 2016. – 264 с.
- 8 Хайдеггер М. Х. Исток художественного творения / Пер. с нем. Михайлова А.В. – М.: Академический Проект, 2008. – 528 с.
- 9 Юнг, Карл Густав. Человек и его символы / К. Г. Юнг; пер. с англ. В. В. Зеленского.– Эл. изд. – 1 файл pdf : 403 с. – Москва: Институт общегуманитарных исследований, 2020.
- 10 Erbolat Tolepbay. Printing House: «Luxe Media Publishing» LLP, – Almaty, 2017. – 96 p.
- 11 М. Мерло-Понти. Феноменология восприятия. – Сант-Петербург: Ювента, 1998. – 606 с.

Transliteration

- 1 Berzher Dzh. Iskusstvo videt' [Ways of Seeing]. – Sankt-Peterburg: Klaudberri, 2018. – 184 s.
- 2 Daniel' S.M. Iskusstvo videt': O tvorcheskikh sposobnostjakh vosprijatija, o jazyke linij i krasok i o vospitanii zritelja [The Art of Seeing: On the Creative Capacities of Perception, the Language of Lines and Colors, and the Education of the Viewer]. – Leningrad: Iskusstvo, 1990. – 223 s.
- 3 Fuko M. Slova i veshchi. Arheologija gumanitarnykh nauk [The Order of Things: An Archaeology of the Human Sciences]. – Moskva: Progress, 1977. – 405 s.
- 4 Gadammer H.-G. Istina i metod: Osnovy filosofskoy germenevtiki [Truth and Method: Foundations of Philosophical Hermeneutics]. – Moskva: Progress, 1988. – 704 s.
- 5 Losev A.F. Dialektika mifa [Dialectic of Myth]. – Moskva: Mysl', 2001. – 558 s.
- 6 Shelling F.V. Filosofija iskusstva [Philosophy of Art]. – Moskva: RIPOL klassik, 2020. – 524 s.
- 7 100 shedevrov iskusstva Kazakhstana. Zhivopis', skul'ptura, grafika [100 Masterpieces of Kazakhstani Art: Painting, Sculpture, Graphics]. – Almaty: Zhibek zholy, 2016. – 264 s.
- 8 Khaydegger M. Istok hudozhestvennogo tvorenija [The Origin of the Work of Art]. – Moskva: Akademicheskij Proekt, 2008. – 528 s.
- 9 Jung K.G. Chelovek i ego simvoly [Man and His Symbols]. – Moskva: Institut obshchegumanitarnykh issledovanij, 2020. – 403 s.
- 10 Erbolat Tolepbay. – Almaty: Luxe Media Publishing LLP, 2017. – 96 p.
- 11 Merlo-Ponti M. Fenomenologija vosprijatija [Phenomenology of Perception]. – Sankt-Peterburg: Juventa, 1998. – 606 s.

Сыргабаев С.Б., Құсайынов Д.У., Темірова Г.С.

Философские истоки культурно-гносеологических основ казахской живописи

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается философская природа художественной репрезентации в казахском изобразительном искусстве, его онтологическая, семиотическая и герменевтическая структура. Показано, что произведение искусства является не просто эстетическим объектом, но и визуальным текстом, отражающим мировоззрение, историческую память и культурные архетипы народа. Через творчество таких художников, как Молдахмет Кенбаев, Салихитдин Айтбаев, Бексейіт Түлкіев, Ерболат Төлепбаев, Бахыт Бәпишев, анализируются онтология пространства и времени, архетипические образы, символические коды и формы национального бытия в казахской живописи. Также рассматривается роль языка живописи как средства связи между традицией и модерном. Анализ произведений из фондов Государственного музея искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева позволяет интерпретировать искусство как философскую форму духовного опыта и мировоззрения нации. В исследовании используются феноменологический, семиотический, герменевтический и компаративистский методы, с помощью которых выявляются особенности эволюции казахского художественного сознания и современного визуального мышления. В результате доказывается потенциал изобразительного искусства в формировании философского дискурса и его способность актуализировать коллективную память визуальными средствами. Настоящее исследование направлено на раскрытие глубинной онтологической и культурно-смысловой структуры казахского изобразительного искусства.

Ключевые слова: казахское изобразительное искусство, философия, онтология, гносеология, архетип, семиотика, национальная память, пространство и время, символизм.

Syrgabaev S., Qusaiynov D., Temirova G.

Philosophical origins of the cultural and gnoseological foundations of kazakh painting

Abstract. The article explores the philosophical nature of visual representation in Kazakh fine art, analyzing its ontological, semiotic, and hermeneutic structures. The study argues that a work of art is not merely an aesthetic object, but a visual text that reflects the worldview, historical memory, and cultural archetypes of a nation. Through the works of Moldakhmet Kenbaev, Salikhitdin Aitbayev, Bekseit Tülkiev, Yerbolat Tolepbayev, and Bakhyt Bapishev, the article examines the ontology of space and time in Kazakh painting, archetypal imagery, symbolic codes, and the artistic expression of national identity. It also considers the role of painting as a medium bridging tradition and modernity. Based on analysis of selected works from the collection of the A. Kasteyev State Museum of Arts, the study presents fine art as a philosophical form of national experience and reflection. The methodology combines phenomenological, semiotic, hermeneutic, and comparative approaches to trace the evolution of Kazakh artistic consciousness and modern visual thinking. The research demonstrates the capacity of visual art to shape philosophical discourse and to revitalize collective memory through visual means. This study is aimed at uncovering the deep ontological and cultural-semantic structure of Kazakh fine art.

Keywords: Kazakh fine art, philosophy, ontology, epistemology, archetype, semiotics, collective memory, space and time, symbolism.

Келін түсті 05.08.2025

Қабылданды 12.11.2025